

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына,
«АМАНАТ» партиясы
Фракциясының мүшелеріне
(А. Әлтай, Ж. Сүлейменова,
Ә. Әбсеметова, И. Смирнова)**

2022 жылғы 4 мамырдағы
№ ДС-163

Құрметті депутаттар!

Балаларды шығармашылық үйірмелермен және спорт секцияларымен қамтуға қатысты сіздердің депутаттық сауалыңызды қарап, мынаны хабарлаймыз.

Бүгінгі таңда 4-17 жас аралығындағы балалардың 70 %-дан астамы (2,9 млн бала) тегін қосымша білім берумен қамтылған, оның ішінде 2,4 млн бала орта және қосымша білім беру ұйымдарында, тағы 496 мың бала мемлекеттік шығармашылық және спорттық тапсырыс (бұдан әрі – мемлекеттік тапсырыс) шеңберінде жеке меншік секциялар мен үйірмелерде айналысады

Мемлекеттік тапсырыс үйірмелер мен секцияларды ұйымдастыруға кәсіпкерлерді кеңінен тарту арқылы балаларды қосымша білім берумен қамтуды айтарлықтай ұлғайтты.

Қағидаларға сәйкес (МСМ-нің 2021 жылғы 27 сәуірдегі № 120 бұйрығы) мемлекеттік тапсырыс жергілікті бюджетте көзделген қаражат шегінде жүзеге асырылады.

Алайда әкімдіктер жергілікті бюджетте көзделген қаражаттан тыс ваучерлер беруге жол берді. Нәтижесінде қызмет көрсетушілер алдында қаржы қаражатымен қамтамасыз етілмеген міндеттемелер 95 млрд теңгеге жетті. Осыған орай барлық өңірлерде ваучерлер беру үрдісі тоқтатылды, мұндай жайт қоғамдық резонанс тудырып отыр.

Сондай-ақ Artsport.edu.kz платформасында балалар мен қызмет көрсетушілердің деректерін растау және сақтау, кезектерді автоматтандыру және қаражатты бөлу, қызмет көрсетушілердің есептерін тексерумен байланысты қиындықтар анықталды.

Аталған проблемаларды шешу үшін, сонымен қатар қайталануды және қосарланған қаржыландыруды болдырмау мақсатында Білім және ғылым (бұдан әрі – БҒМ), Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі, Мәдениет және спорт министрліктеріне (бұдан әрі – МСМ) қосымша білім беруге арналған мемлекеттік білім беру тапсырысының, мемлекеттік тапсырыстың ақпараттық жүйелерін интеграциялау тапсырылды.

Қазіргі уақытта қосымша білім беруге арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын, мемлекеттік тапсырысты іске асырудың бірыңғай тәртібі әзірленуде.

Бұл ретте платформаларды таңдау, тарифтерді есептеу және спорт пен шығармашылық түрлерін айқындау құқығы жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін болады. Бұдан басқа, қызмет көрсетушілерге санитарлық нормалар, өрт қауіпсіздігі және материалдық-техникалық қамтамасыз ету бойынша қойылатын талаптарды күшейту жоспарлануда.

Жергілікті атқарушы органдар заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тапсырыстың қызмет көрсетушілері алдындағы міндеттемелерін төлеу мәселесін шешуде. Бүгінгі таңда әкімдіктер 14 млрд теңге сомасына қосымша қаражат бөлді.

Сондай-ақ аталған мәселелерді егжей-тегжейлі талқылау үшін БҒМ мен МСМ-ге депутаттарды шақыра отырып, кеңес өткізу тапсырылды.

Бұл бағыттағы жұмыс жалғасуда және Үкіметтің тұрақты бақылауында.

Е. Тоғжанов